

ISSN 1563-0323
Индекс 75878; 25878

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК


ФИЛОЛОГИЯ
СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ
ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ

АЛМАТЫ

№6 (88)

2005



туындаған басқа есімдер де осы мотивтер негізінде қалыптасатындығын көреміз. Мысалы, *Алдамжар* жеген есімді алатын болсақ, *Алланың* қасиетін, құдыретті күшін, оның Адам баласына қамқоршы екеніне анық сенген мұсылманның дүгиеге келген баласына да, өзіне де жаратқан иесінің өрқашан да қолдап-қуаттаушы жақыны болғанын тілеуінен, ізгі ниетінен туындаған деп қараған жөн. Сол сияқты, *Алдамұрат* деген кісі есімі де адамның алдына қойған асыл-арман, асқақ мұратына жеткізетін тек Алла ғана деген сеніміне байланысты алынып, ел ішінде қалыптасқандығын аңғаруға болады.

2) Табиғатта болатын түрлі құбылыстар мен жаратылысында жалғыз болып табылатын заттардан жасалған есімдер. Мұндай тақырыптағы кісі аттары халқымыздың антропонимия тарихында әр кезде де кездесіп отырған. *Қамария-«ай (лық)», Шәмсия-«күн», Нұр-«жарық», Самал- оңтүстіктен соғатын жел.*

Көне түркі дәуіріндегі халықтар айға, күнге, табиғаттың түрлі құбылыстарына табынып *Айтолды, Айжарық, Күнсұлу* т.б. есімдер қойған. Бұл есімдердің ислам келгеннен кейін мағыналары сақталып, тек араб сөздерімен ауысқандығы көрініп тұр.

3) Өсімдіктен, хайуанаттар мен құстардың аттарынан жасалған есімдер: *Тамила-«көгершін», Жамал-«түйенің жалпы атауы», Науат-«шөп», Райхан-«гүл»; Зайтуна- «Зәйтүн ағашы»,*

4) Мамандық аттарынан жасалған есімдер: *Тәбиба-«дәрігер», Дәлила- «жол көрсетуші», «маклер»; Ғалым- «ғалым»,*

5) Атақ, дәрежеге байланысты есімдер: *Мәлик-«патша», Мәлика-«патша әйел», Мәнзила-«атақ»*

6) Адамның дене бітімі мен сезімін бейнелейтін сөздерден жасалған аттар: *Кәміл-«толық», Сагира-«кішкентай», Жәмила-«әдемі», Ақыл-«ақылды», Махаббат - «махаббат», Кәрім- «жомарт», Парасат-«ақыл-сана», Фариза-парыз, борыш, Хатира-сана, Бәдия-«таңғажайып», Шарафат-«ізгілік», «жақсылық»,*

7) Сан есімдерден және уақытты, маусымды, мезгілді білдіретін сөздерден құралған кісі аттары. *Ләйлә-« түн», Ақырап- ай аты, Рамазан-ай аты, Жұмаапта аты, Айтбай, Айткүл- «мерекеде туылған адамға қойылады. Өйткені: Айт-«мереке», Әшір-«он», Сәния-«екі», Рабия-«төрт».*

8) Географиялық объектілердің аттарынан жасалған есімдер: *Мәдина-«қала», Мұқит-«мұқит».*

Қорыта келгенде, ислам дінінің қазақ қауымына таралып, қалыптасу барысында да және одан кейінгі дәуірлерде де араб текті есімдердің қазақ қауымына көптеп енуі оның діни, рухани, мәдени өміріндегі елеулі құбылыстардың біріне жататынын көруге болады. Бұл құбылыс қазақ антропонимиясының тарихында өзінің басталу, таралу, даму, қалыптасу дәстүрі бар, әлі де жалғасып келе жатқан елеулі құбылыс.

Антропонимия саласында қалыптасқан екі үрдістің (тенденцияның), атап айтқанда, соның бірі- діни дәстүрін, яғни дінді таратудың ең бір оңтайлы жолы мұсылмандарға Алла сипаттарынан туындаған есімдерді беру, сол арқылы олардың ілімін ғибраттау және екіншісі, соған сәйкес, ат таңдаудағы ментальдық дәстүрді сақтап, оны дамытуға мүмкіндік берген еді. Қазақ қауымына араб есімдерінің мол болып енуіне себеп болған екінші бір фактор, ол-араб есімдерін қарапайым жұрттан бұрын қабылдаған ел билеуші хандар мен зиялы қауым өкілдерінің (ақын-жазушы, ғалым, т.б. мәдениет қайраткерлерінің) үлгі-өнегесі болатын.

Бұл-қазақ антропонимия тарихындағы мәні зор фактор. Өйткені, бастауын осы Алла сипаттары мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер есімдерінен алған үрдіс дами келе, Ислам дінімен бірге қарапайым қалың жұрттың дәстүріне айналғандығы мәлім.

1. Қайдар Ә. Т. «Абайдан «Шығайға» дейінгі жұмбақ есімдер // «Тілтаным», 2005, № 1

2. Бұлығай М. Ата-баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? А.,-2000

3. Жанұзақов Т. Есімдер сыры. Тайны имен. -Алматы, 1979ж

4. Гранде Б.М. Курс арабской грамматики в сравнительно-историческом освещении. М.,-1998.

5. 2002- *يَمَامِد دَمَحْم. ءَامَسَلَا و اِهِيَنَاعِم. قَرَهَاقَلَا*

6. 2001- *دَمَحْمَا دَوْمَحْم جَرَف. يِنَاعَمَلَا يِفْءَ وَاَحَا يَمَامَسَلَا. قَرَهَاقَلَا*

7. 1998 - *دِيلُو فَيِصَان. ءَامَسَلَا و اِهِيَنَاعِم. قَرَهَاقَلَا - قَشْمِد*

8. Ондасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері. -Алматы: Рауан, 1992.-176 бет.

В этой статье рассматриваются тематические группы арабских имен в развитии казахского языка.

Ж. Қ. Даркенбаева

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮШ ҚАНАТТЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМДАР

Мақалада қарастырылатын фразеологизмдер үш оралымның, яғни, бір тәуелсіз, екі арналы тәуелді оралымның болуымен сипатталады.

Екі арналы тәуелді оралым фразеологизммен бір мезгілде қатар тіркесімділікке түседі де, бір-біріне параллельді болады.

Оралым бір текті және әр текті болып та келеді.

Үш қанатты оралымға негізінен етістікті және үстеулі фразеологизмдер ие болады.

Фразеологизмдердің екі арналы тәуелді оралымының арасына конфигурацияда // белгісі қойылады, бұл белгі параллельді деген ұғымды білдіреді. Фразеологизмнің үш қанатты оралымын мынадай мысалдар арқылы түсіндіріп өтейік. *Осы түнде Әзімхан төре... сүмдыққа өз қолымен құрық берді. (М.Ә.)* Бұл бір текті оралым.

Мұндағы “құрық беру” фразеологизмінің тәуелсіз оралымы - “Әзімхан төре”, ал екі арналы тәуелді оралымдары “сүмдыққа” және “қолымен” сөздері. Параллельді тәуелді оралымдары барыс септігіндегі дерексіз зат есімнен және көмектес септігіндегі деректі зат есімнен жасалынған. Тәуелді оралымдары фразеологизмнің экспрессиялық әсерін күшейте түседі. Конфигурациясы:

З_{1а} – Ф-З₃ дс// З₇ дт

Сондай-ақ мынадай мысалға талдау жасап өтсек: Сәбира күйеуінің қабағын жақсы таниды.

Фразеологизмнің екі арналы тәуелді оралымдарының бірі-ілік септігіндегі адамға қатысты зат есім, екіншісі - үстеу. Сонда “күйеуінің” және “жақсы” сөздері қатар келу арқылы “қабағын тану” фразеологизмімен тіркесімділікке түсіп, параллельді оралымды жасайды. Конфигурациясы - З_{1а} – Ф-З_{2а}// Ү.

Мұндағы фразеологизм сыңарларының арасында келген “жақсы” үстеуі тұрақты сөз орамының мағына тұтастығына нұқсанын тигізбей, қайта жымдасып, үндестік тауып тұр, әрі фразеологизмге күшейту мәнін үстейді. Жоғарыдағы мысал фразеологизмнің әр текті оралымын көрсетеді.

Үш қанатты фразеологиялық оралым ретінде фразеологизм мағынасын анықтау және оның эмоционалды-экспрессивтілігін арттыру үшін жұмсалатын серіктес сөздер немесе сүйемел сөздерді қарастырамыз. Өйткені олар фразеологизмнің екі арналы тәуелді оралымының біреуі болып келеді. Дистант құбылысы үш қанатты фразеологиялық оралымның көзі.

Н.Уәлиев өзінің “Фразеология және тілдік норма” атты еңбегінде былай дейді: Тілдік қолданыста, әсіресе, поэзияда, кейбір тұрақты сөз сыңарларының арасына сыналып сөз ендіру (дистант) баяғыдан бар құбылыс. Қазақ тілінде бір алуан фразеологизмдердің құрылымы бітеу болып сырттан сыналып сөз қосуға көне бермейді. Ал кейбір фразеологизмдер, керісінше, сыңарларының арасында бөтен сөз тұрғанымен, өздерінің тұтастығын бұзбайды: тығырыққа тіреді – тығырыққа әкеп тіреді; кіндігі үзілмеген-кіндігі баяғыдан үзілмеген; тарамысына ілінген-тарамысына өрең ілінген, т.б. [1, 54 б.]

Фразеологизмнің бір текті оралымы зат есімдермен беріледі.

Фразеологизмнің тәуелсіз оралымы ретінде адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімдер немесе олардың орнына жүретін есім сөздер және дерексіз зат есімдер де жұмсалады.

Ал зат есімнің деректі, дерексіз ұғымдарды біл-

діретін мағыналық топтары тәуелсіз оралым жасамайды.

Адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөздерден болған бір типті тәуелсіз оралымды фразеологизмдер.

Өзара және түрлі формалардағы фразеологизмдермен қарым-қатынасқа түсетін параллельді оралымды фразеологизмдер күрделі конфигурацияларға ие болады.

Мұнда параллельді оралымның бірқатар түрлері беріледі.

а) Параллельді тәуелді оралымдар табыс септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімнен және шығыс септігіндегі деректі зат есімнен болады: З_{1а} – Ф-З_{4а}// З₆ дт.

“Әнімен күлау” фразеологизмі “тез, лезде, әні-мін дегенше жылдам жықты” деген мағынаны береді [2, 84 б.]

Енді мысалға назар аударайық:

...Ол ақтардың сегіз офицерін аттан әнімен құлатты. (Шығ.Қаз.Больш.)

Мұндағы тәуелсіз оралым- ол, ал екі арналы тәуелді оралымдар - “офицерін” және “аттан” сөздері.

ә) Параллельді тәуелді оралымдар ілік септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөз бен шығыс септігіндегі дерексіз зат есімнен жасалады: З_{1а} – Ф-З_{2а}// З₆ дс. “Ауыз жиғызбау” фразеологизмі: *Бұлардың...Қайрақбай...күлкілі сөздерден ауыздарын жиғызбады. (С.М.)*

б) Параллельді тәуелді оралымдар ілік, шығыс септіктерінде келіп, тәуелді оралымның екеуі де адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімдерден жасалады: З_{1а}–Ф-З_{2а}// З_{6а} “жөнін білу” фразеологизмі мысал болады.

в) Параллельді тәуелді оралымдар барыс септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есім мен табыс септігіндегі дерексіз зат есімнен болады: З_{1а} – Ф-З_{3а}// З₄ дс

“Баян ету” фразеологизмінің тәуелді оралымдары: *Дәрменнің сырын...Дәркембай Базаралыға баян етті. (М.Ә.)* Мұндағы екі арналы тәуелді оралым болатын “сыр” және “Базаралы” сөздері түрлі септіктерде келіп, фразеологизммен бір мезгілде, жарыса тіркесіп тұр.

г) Параллельді тәуелді оралымдар барыс септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөз бен табыс септік формасындағы деректі зат есімнен жасалады: З_{1а}–Ф-З_{3а}//З₄дс. “Ауыздан жырып беру” фразеологизмі: *Оспан соларға асын аузынан жырып берді. (С.Т.)*

д) Параллельді тәуелді оралымдар табыс және барыс септік формаларымен берілген дерексіз зат есімдерден жасалады:

З_{1а}–Ф-З_{3дс}// З₄ дс.

Мысалы, “арқау ету” фразеологизмін мысалға алайық. Ақын еңбекті жырына арқау етті. Мұндағы “арқау ету” фразеологизмімен синонимдес, әрі “несің желі болды” деген мағынаға ие болумен сипатталады.

Алайда бұл фразеологизмдер түрлі септік формаларындағы зат есімнің мағыналық топтарымен тіркесімділікке түсуімен де ерекшеленеді.

Салыстырайық: “арқау ету” фразеологизмінің конфигурациясы мына түрде беріледі: $Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_4\text{дс}/Z_3\text{дс}$. Фразеологизмнің тәуелсіз оралымы атау септік формасындағы адамға қатысты ұғымды білдіретін түрлі зат есімдерден (немесе есімдіктерден) болады: ақын, ол, жазушы, қыз, т.б.

Параллельді тәуелді оралымы да түрлі мағынаны білдіретін дерексіз зат есімдерден жасалады.

...*Махаббатты, сезімді, өнерді// өлеңіне, еңбегіне, шығармасына, өміріне+арқау етті.*

Ал енді “арқау болу” фразеологизмінің конфигурациясына көз жүгіртейік: $Z_1\text{дс} - \Phi\text{-}Z_3a// Z_2\text{дс}$.

Тәуелсіз оралым дерексіз зат есімдерден болады да, параллельді тәуелді оралымдар барыс септігіндегі дерексіз зат есім мен ілік септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөздерден болады.

Мысалы, махаббат, оқу, өнер+ адамзаттың, әкемнің, ақынның // шығармасына, өміріне, еңбегіне + арқау болды.

е) Параллельді тәуелді оралымдар табыс септігіндегі деректі, адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөздерден және шығыс септігінде келген дерексіз, адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөздерден жасалады: $Z_1a - \Phi\text{-}Z_4(a+\text{дт})// Z_6(a+\text{дс})$

“Көздің қарашығындай сақтау” фразеологизмінің параллельді оралымдарына қарайық:

Малды біз жаудан, жұттан көздің қарашығындай сақтаймыз. (С.М.) Кемпір оны ұрылардан көздің қарашығындай сақтады. (“Жетісу” газеті)

ж) Параллельді оралымдар ілік септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімнен және көмектес септігіндегі дерексіз зат есімнен жасалады: $Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_2a//Z_7\text{дс}$...*сүйкімді қылығымен жұрттың аузының суын құрытты (С.Ж..)*

Фразеологизмнің әр текті оралымы зат есімнен басқа сөз таптарымен беріледі.

Тәуелсіз оралым зат есімдер немесе олардың орнына жұмсалатын есім сөздерден (есімдік) жасалады. Фразеологизмдердің бір типті және әр типті тәуелсіз оралымдары кездеседі.

Фразеологизмдердің бір типті тәуелсіз оралымы.

Бір типті тәуелсіз оралымы дерексіз зат есімнен болған фразеологизмдер: $Z_1\text{дс} - \Phi\text{-}Z_3 a// \text{Сын}$.

а) Параллельді тәуелді оралымдар барыс септігіндегі адамға қатысты есім сөзден және сын есімнен жасалады. Мылқау табиғат бізге ашулы қабағын жазбады.(Ә.С.) “Қабағын жазбау” фразеологизмінің тәуелді оралымдары “бізге” және “ашулы” сөздері болып келеді.

“Шымбайына бату” фразеологизмінің оралымдарына назар аударайық: *Ақбаланың қиналғаны Еламанның шымбайына қаттырақ батып, қуанышты шақтарында да, өйелінің қабағына қарап күле алмайтын (Ә.Н.).* Мұнда фразеологизм сыңарларының арасына сыналап енген “қаттырақ” сөзі тәуелді оралым қызметінде жұмсалып қана қоймай, фразеологизмнің мағыналық реңкін ажарландырып, эмоциялық өсерін күшейтеді.

ө) “Құран сөзіндей” фразеологизмінің контекстегі көрінісіне мынадай мысал келтірейік:

Дәл осы кезде Алтыншаш пен Күміс келіп сөз бөлініп кетті, бірақ Ганстің айтқандары Есіркегеннің жүрегінде құран сөзіндей жатталып қалды. (І.Е.)

Конфигурациясы: $Z_1\text{дс}-\Phi\text{-}Z_5 a// \text{Ет}$.

Сонда тәуелсіз оралым өзге сөз табының субстантивтенуінен жасалынған дерексіз ұғым атауынан да, тәуелді параллельді оралымдары күрделі етістік пен жатыс септік формасындағы деректі зат есімнен болады.

б) Параллельді тәуелді оралымдар табыс септігіндегі дерексіз зат есімнен және үстеуден жасалады.

Конфигурациясы: $Z_1\text{дс} - \Phi\text{-}Z_4\text{дс}/Y$

Хабар ауыр салмақты мойныма тағы артты. (Ж.С)

Фразеологизмдердің атау септік формасындағы адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөзден болған бір типті тәуелсіз оралымы: $Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_2a// Y$

а) Параллельді тәуелді оралымдар ілік септігіндегі адамға қатысты есімнен және үстеуден жасалған.

Ол өсекшінің мінін тура бетіне басатын (С.М.).

ө) Параллельді тәуелді оралымдар табыс септігіндегі дерексіз зат есімнен және етістіктен жасалады.

...*Пайдасын көре тұра тексермедім (А.).* Конструкциясы: $Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_4\text{дс}/\text{Ет}$.

б) Параллельді оралымдар табыс септігіндегі дерексіз зат есімнен және үстеуден жасалады: $Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_4\text{дс}/Y$

Урядник пәлені мойныма мөлдіретіп сала берді (С.С.).

в) Параллельді оралымдар табыс септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімнен және үстеуден жасалады:

$Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_4 a// Y$.

Осы күні жеңгеміз Анар сұлу ағамызды жалғыз меңгеріп алды да, өзгеміз санда бар, санақта жоқ, далада жалғыз қалдық.

г) Параллельді оралымдар табыс септігіндегі деректі зат есімнен және етістіктен жасалады: $Z_1a\text{-}\Phi\text{-}Z_4 // \text{Ет}$.

Мысалы: *Қаби аға әп-сәтте сойып, етін қазанға да өзі салды. (Б.Н.).*

Фразеологизмдердің әр типті тәуелсіз оралымы Атау септікті тәуелсіз оралым екі құрамды шоғырмен, яғни, адамға қатысты ұғымды білдіретін есім сөз бен деректі зат есіммен беріледі.

Ал тәуелді параллельді оралымдары екі құрамды шоғырмен берілген табыс септігіндегі адамға қатысты есім сөз бен деректі зат есімнен және үстеуден жасалынады.

Конфигурациясы: $Z_1(a+\text{дт})\text{-}\Phi\text{-}Z_4(a+\text{дт})// Y$.

Мысалы: *М.Иванович жау кемесін зеңбірек нысанасына алды. (Ә.С.).*

Қою қара бұлт әдейі бізді нысана етіп алғандай. (Б.С.)

ғ) Параллельді оралымдар табыс септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есім мен сын есім арқылы жасалады:

$Z_1 a\text{-}\Phi\text{-}Z_4 a// \text{Сын}$. *Нұрым келгендерді ақ майға жығып жатыр.*

д) Параллельді оралымдар ілік септігіндегі деректі зат есім мен үстеуден жасалады: $Z_1a-\Phi-Z_2dt//Y$ колхоздың лезде ойран-ботқасын шығарды.

е) Параллельді оралымдар барыс септігіндегі дерексіз зат есім мен етістіктен жасалады: $Z_1a-\Phi-Z_3dc//Et$.

Мысалы: *Жұрт тайлы-таяғына дейін тойға келді.*

ж) Параллельді оралымдар табыс септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімнен және етістіктен жасалады:

$Z_1a-\Phi-Z_4a//Et$. *Омар ағасын тығырыққа тіреді.*

з) Параллельді оралымдар барыс септігіндегі дерексіз зат есімнен және сын есімнен жасалады: $Z_1a-\Phi-Z_3dc//Cын$

й) Параллельді оралымдар барыс септігінде келген адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есімнен және үстеуден жасалады:

$Z_1a-\Phi-Z_3a//Y$.

к) Параллельді оралымдар сын есім мен үстеуден жасалады:

$Z_1a-\Phi-Cын//Y$

Мысалы: *Мадина ескі дүниенің біраз дәм-тұзын татты.*

л) Параллельді оралымдар көмектес септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есім мен етістіктен жасалады: $Z_1a-\Phi-Z_7a//Et$. *Қайнағамыз өкең марқұммен қырғи қабақ.*

м) Параллельді оралымдар ілік септігіндегі адамға қатысты ұғымды білдіретін зат есім мен сын есімнен болады: $Z_1a-\Phi-Z_2a//Cын$.

Жасын ата-анасының ақ көңілін жсыртпады.

Фразеологизмнің атау септік формасындағы деректі зат есім мен берілген бір типті тәуелсіз оралымы: $Z_1dt-\Phi-Z_4dt//Y$

Параллельді тәуелді оралымдары табыс септігінде келген деректі зат есім мен үстеуден жасалады: *Жылқы ауылды лезде опыр –топыр қылды.*

Үш қанатты фразеологиялық оралымдардың конфигурациялары жай сөйлем құрылымына сәйкес келеді. Мұнда фразеологизм баяндауыш, ал атау септігімен берілген оралым бастауыш қызметін атқарады. Зат есіммен берілген тәуелді оралымдар толықтауыш, үстеумен берілген тәуелді оралымдар пысықтауыш қызметінде жұмсалады.

Үш қанатты фразеологиялық оралым бір қанатты, екі қанатты фразеологиялық оралымдарға қарағанда сан жағынан мейлінше аз топты құрайды.

1. Н.Уәлиев. Фразеология және тілдік норма. –Алматы, 1998. –126 б.

В статье рассматриваются фразеологические единицы с трехместным окружением.

М. С. Жылқыбаева

ЕТІС ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ АУЫЗЕКИ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жалпы етіс дегеніміз - қимылдың немесе іс-әрекеттің объектісі мен субъектісі арасындағы қатынасты білдіретін лексика-грамматикалық категория. Тіліміздегі ең күрделі сөз табы етістіктің дербес бір категориясы болып танылатын етістер тұлғалық көрсеткіштері жағынан ғана емес, соған сәйкес мағыналық та, синтаксистік те ерекшеліктері тұрғысынан әр түрлі болып келеді. Түркі тілдеріндегі етіс категориясының бұл ерекшеліктеріне түркологтар түрліше қарап келгені мәлім. Ғалымдар арасында етістердің тек аффикстерін негізге алып, форманттары бір өздік пен ырықсыз етісті шатыстырып немесе оларды бір шеңберде қараушылық та болды. Сондай-ақ, *-с(-ыс, -іс), -дас(-дес)* тұлғалы етістіктер түгелдей ортақ етіс немесе жіктеліп сараланбай, тұтас алынып ортақ-бірлестік етіс деп қарастырылды. Өзгелік етіс жұрнақтары қосылған түбірлердің ол баста салт не сабақты болуына қарамай, түгелдей бір етіс ретінде қаралған жағдайлар да болды. Міне осыдан барып, қазақ тілі грамматикаларында етістер бірде үш түрлі болады деп танылса, кейде төрт немесе бес түрге бөлініп, ал енді бірде олардың санын

сегізге жеткізушілер де кездесті. Мектеп оқулықтары мен арнаулы курстарда негізінен төрт түрге бөлініп баяндалып келген бұл категория ғылыми еңбектерде беске бөлініп қарастырылады.

Сонымен, қазіргі қазақ тілінде етістің бес түрі (негізгі, өздік, өзгелік, ырықсыз) бар. Олардың ішінде өзіне тән аффикстермен түрленбейтіні - негізгі етіс. Оған етіс аффикстерімен әлі тұлғаланбаған негізгі және туынды етістіктер жатқызылады. Бұл жағдайда субъекті мен объектінің іс-әрекетке деген қарым-қатынасы етістіктің бастапқы семантикалық мәніне қарай анықталады. Ал қалған төртеуі (өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ) өзіне тән жұрнақтармен түрленетіні белгілі.

Қазақ сөйленістерінде де етіс тудыратын жұрнақтардың барлығы дерлік бар. Дегенмен, олардың қолданысында кейбір ерекшеліктер байқалады.

Өзгелік етіс жұрнақтарының қолданылуындағы өзгешеліктер. Өзгелік етіс іс-қимылдың басқа біреу арқылы орындалатынын білдіреді. Оның грамматикалық көрсеткіштері - *-қыз, -кіз, -ыз, -із, -дыр, -дір, -тыр, -тір, -ыр, -ір, -т* аффикстері. Көне түркі жазба